

“Адамзаттың рухына керектің үлкені - газет, журнал, кітап оқу”

С. Сейфуллин

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

ЖАҢААРҚА



Аудандық қоғамдық-саяси газет

эл. пошта: janaarkagazeti@mail.ru

Газет 1938 жылғы 24 сәуірден шығады

№40 (10041), 11 қыркүйек, 2021 жыл

ЖОЛДАУҒА ҮН ҚОСАМЫЗ!

Мемлекеттік тіл – қазақ тілі



Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев үстіндегі жылы 1 қыркүйек күні Қазақстан халқына Жолдауында «VII. Ұлттың ұйысуы – одан әрі дамудың басты факторы» бөлімінде тіл мәселесіне қатысты тұтас ой мен тұжымды пікір білдірді: “Адамды тіліне, ұлтына, нәсіліне қарап кемсітуге, біреудің намысына тиюге жол бермейміз, заң бойынша жауапқа тартамыз. Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала береді. Бұл салада айтарлықтай нәтиже бар. Қазақ тілі шын мәнінде, білім мен ғылымның мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналады.

Жалпы мемлекеттік тілді қолдау аясы кеңейіп келеді. Ата заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі”, – деген еді.

Тіл – адамдар арасындағы қатынас құралы, өйткені адамдар қоғамдық өмірде бір-бірімен тіл арқылы сөйлеседі, пікір алмасады, ойын жеткізеді. Тіл арқылы адам баласы ғылым, білім, мәдениетпен танысып, парасаттылыққа ұмтылады. Болашақтың негізін қалап, таңдаған мамандығын игереді. Тілдің адам өмірі үшін мәні айрықша. Тіл-өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем, асыл ойдың бұлағы, ұлттың жан дүниесі. Тілдің құдіреті ерекше. Оның бітпесті бітіретін, жетпесті жеткізетін, үзілгенді жалғайтын мүмкіндігі бар. Бір ауыз сөз онык жетізіп, өмір бойы өзегінді өртесе, бір ауыз орынды айтылған сөз жадында жатталып, бақытқа жеткізеді. Сол себепті, тіл- қай ұлтқа, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге бойға сіңіп, қалыптасатын, атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра, елдің ұлттық мақтанышы. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да, қарсы тұруы тиіс. Ана тілі – ең басты байлығымыз. Қазақ ұлтының ана тілі және Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

“Дүниедегі ең асыл тіл — араб тілі, одан кейін түрік тілі, түрік тілінің ішіндегі гауһары — қазақ тілі”, – деп Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы айтқандай елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі болуы керек. Тіл – ұлттың жаны. Ол халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі.

Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі

Тәуелсіздік шежіресі. Жасампаздықтың әр жылы: 2010 жыл - ЕҚЫҰ төрағалығы мен Астана Саммиті ел мерейін асырды

Қазақстан тәуелсіздігінің 19-ы жылы тарих қойнауына дербес мемлекеттің мерейін әлемдік елдер алдында асқатқататын шараларды жүзеге асырумен ерекшеленді. Расында, 2010 жыл - Қазақстанның арғы-бергі тарихында бұрын-соңды қолы жетпеген асуларды еңсеруі арқасында ерекше нәтижелі жыл болды. Бір сөзбен айтқанда, Азияның айбынды мемлекетіне айналудың, ынтымақ-бірлігі жарасқан, еңсесі биік, тұғыры мықты мемлекет құру үшін, тұтас бір ел болып даму жолында серпінді секіріс жасау үшін әуел бастан ұлттық символы ретінде әрі киелі, әрі батыл, әрі шашпан, әбжіл қимылдайтын - барысты таңдап алған Қазақ елі үшін Барыс жылы басқа жылдарға қарағанда есте қаларлықтай оқиғалармен ерекшеленді. 2010 жылы әлемдік саясатта айымыз оңынан туып, ЕҚЫҰ секілді жаһандық айбарлы да алпауыт ұйымға төрағалық тізгінін қолға алды. Төрағалықты лайықты өткеріп қана қоймай, тын бастама - Астана Саммитін абыроймен атқару арқылы әлемге тағы бір қырымыздан танылды. Сөйтіп 2010 жылдың басты саяси оқиғасына көшсе, Қазақстан халықаралық саясатта мемлекеттің беделін асырған, абыройын асқатқан іргелі істерді тындырды. Беделі жағынан Біріккен Ұлттар Ұйымынан кейінгі орында тұрған Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымындағы Төрағалық миссиясын абыроймен атқарып шықты. Ванкуверден Владивостокқа дейінгі аумақты алып жатқан Ұйымға Орталық Азия аумағында ғана емес, ТМД елдерінің ішінен, одан қала берді ислам дінін ұстанушы мемлекеттердің арасынан бірінші болып басылық жасадық. Сөйтіп, Қазақстан Еуропаның төріндегі 56 мемлекеттің атынан төбе би болып төрелік айтты, қауіп-қатерлерге толы 21-ғасырдағы өңірлік хәм жаһандық деңгейдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіне сүбелі үлес қосты. Астанада ЕҚЫҰ-ның Саммитін өткізіп, берекесі шапырап бара жатқан Ұйымның жұмысына тын серпін берді, бойына қан жүгіртті. Сондықтан да, Барыс жылғындағы басты табысымыз ретінде - ел мерейін өсірген ЕҚЫҰ-дағы төрағалығымызды хәм Астана Саммитін айтуға болады. Бұл осы 2010 жылдың еңісіндегі елеулі оқиға ғана емес, Қазақ тарихындағы елдің абыройын асқатқанын ұлы істердің бірі болатын. Қазақстан 2010 жылдың басында ЕҚЫҰ тізгінін ұстасымен Төрағалықтағы нақты ұстанымдарын «тайға таңба басқандай» етіп «төрт -т» ұранымен белгілеп алды. Сөйтіп төрағалық аясындағы табанды жұмыстар «Сенім, Дәстүр, Ашықтық. Төзімділік» атты ұранмен өрбіді. Айта кетерлігі, ЕҚЫҰ төрағасы болғанға дейін Ұйымға мүше әрбір мемлекеттің Қазақстан қолдауы аса маңызды болды. Ал төрағалық барысында Қазақ елі ЕҚЫҰ-ға қатысушы хәм серіктес мемлекеттердің сенімін толықтай ақтады. Бұлай деуіміздің өзіндік себептері бар. Оның ашынан бір дәлелі - ЕҚЫҰ-ның Іс басындағы төрағасы ретінде Қазақстан 2010 жылдың сәуірінде Қырғызстанда болған саяси жағдайды реттеу ісіне айрықша үлес қосты. Қазақстанның қабылданған шараларының арқасында айыр қалпақты ағайынның елінде азаматтық соғысқа қол берілмеді, нәтижесінде ел елде құқықтық алаңда жұмыс істейтін билік жүйесі қалыптасты. Екіншіден, Қазақстан Астанада ЕҚЫҰ-ның Саммитін өткізді, әлемдік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы батыл да өміршен ұсыныстарын айтты, сөйтіп айдай әлемге Еуразия құрлығын ең жайлап жатқан барыс мінезді халықтың дархандығын хәм іскерлігін паш етті. Осылайша Қырғызстандағы жағдайға қатысты Қазақстанның қабылданған шаралары ЕҚЫҰ-ның Іс басындағы төрағасының арағайындық пен салмақты халықаралық саясаттағы абыройын асқатқатты. Ал Астана Саммиті жыл бойғы төрағалықтың жемісті қорытындысы болды. Осылайша Қазақстан 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етіп қана қоймай, Астана Саммитін өткізу арқылы әлемдік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мол үлес қосты. Қазақ елінің төрағалығынан кейін қауіпсіздік пен ынтымақтастық бұрынғыдан әлдеқайда ауқымды, мұхиттан мұхитқа дейінгі шексіз аумақты қамтып, жаңа деңгейде қалам басатын болды. Беделді ұйымның бүгінгі төрағасы Литва Республикасы да Қазақстанның бастамаларына үлкен баға беріп, ізгі дәстүрді жалғастыру ниетін танытқан болатын. Бұл ретте Литва Президенті Дalia Грибаускайте: «Қазақстанның тамаша елордасы Астанадағы ЕҚЫҰ Саммитінің достық атмосферасы және қабылданған шешімдер Ұйымға мүше барлық елдердің, сондай қк екі елдің арасындағы қарым-қатынастарды одан әрі дамыту үшін мықты іргетас болатынына сенемін. Литва Қазақстаннан төрағалық тізгінін қабылдай отырып, Сіздер тарапынан берілген төрағалықтың жоғары стандарттарын сақтайтын болады», - деп атап көрсеткені есімізге түсіп отыр. Қалай десек те, сайып келгенде Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы және Астана Саммиті адамзат баласының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өркеніеттер диалогын дамыту ісіне қосылған жиырма бірінші ғасырдың басындағы ең сүбелі үлес болды. Сөйтіп, Саммит арқылы әлемдік қоғамдастықтың көзі Қазақ елінің ынтымағы жарасқан, бірлігі баянды мемлекет екендігіне, ал қазақ ұлтының тұмысынан дарында ұлт екендігіне тағы бір мәрте жете түсті. Жалпы дағдарыстан кейінгі кезеңдегі даму жолын айқын бағдарлап алған еліміз 2010 жылы да экономика саласында толайым табыстарға қол жеткізді. Осы жылы жұмысын бастаған Кеден одағын сарапшылар «ТМД аясында қалыптасқан экономикалық бірлестіктер мен интеграциялық үлгістердің ең дамыған түрі» деп атай бастады. 170 млн. адам тұратын нарықты қамтитын Кеден одағының келешегі бар құрылым екендігіне аз уақыттың ішінде көпшіліктің көзі жетті. 2010 жылы қолға алынған басты жобалардың бірі - 2010-2014 жылдарға арналған Үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы. Бағдарлама аясында республикалық және өңірлік деңгейдегі индустрияландыру карталары әзірленіп, ол екі кезең бойынша жүзеге аса бастады. 2010 жылдың бірінші жартыжылдығында жалпы құны - 380 миллиард теңгеден асатын 72 ірі өндіріс нысаны пайдалануға берілді. Ал жыл соңына таман жалпы құны - 450 миллиард теңгеден асатын 80 ірі инвестициялық жоба іске қосылды. Осылайша бір ғана жыл ішінде республикамызда жалпы құны 800 миллиард теңге болатын 152 ірі индустриялық-инновациялық өндіріс орындары іске қосылды. Қазақстан Үкіметі тарапынан жүйелі жүргізілген жұмыстардың арқасында 2010 жылды табысты аяқтады. Жыл қорытындысына сәйкес, ел экономикасының қозғалуы күшіне айналған барлық негізгі салаларда өсім байқалған. Қысқа мерзімді экономикалық индикатор 2009 жылмен салыстырғанда 107,2 пайызды құрды. Жыл басынан бері экономиканың өсімінін тұрақты қарқыны сақталды. Жалпы алғанда әлемдік саясатта ғана емес, экономикадағы жетістіктердің өзі біреу болса, мәдениетімізде де, әдебиетімізде де ұлт болып әспеттейтін, халық болып дәріптейтін толымды дүниелер молынан болды. Спортта да мықтылардың мықтысы санасатын күшті мемлекет екенімізді дәлелдедік.

ҚазАқпарат

Бағдар белгіленіп, мақсат айқындалды



7-қыркүйек күні аудан әкімі Ю р ж а н Б е к к о ж и н н ің төрағалық етуімен ҚР Презид е н т і Қ а с ы м -Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Ж о л д а у ы н т а л қ ы л а у мақсатында жиын өткізілді. ZOOM платформасы арқылы ұйымдастырылған жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, мәслихат хатшысы, мекеме мен бөлім басшылары, кент және ауыл әкімдері қатысты.

Күн тәртібіне қойылған мәселелер бойынша әр саланың басшылары баяндама жасады. Аудан басшысы баяндамашыларға сұрақтар қойып, Жолдауда белгіленген тапсырмаларды жүзеге асыруды тиісті салаларға міндеттеді.

Өз тілшімізден